

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті жүйесі мекемелерінің басқарушы және оперативтік құрамдағы адамдарына дербес атақтар беру тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 4 тамыз 1992 ж. N 655. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.01.20. N 85

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті жүйесі мекемелерінің басқарушы және оперативтік құрамдағы адамдарына дербес атақтар беру тәртібі туралы Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы 4 тамыздағы
N 655 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасының Кеден комитеті

жүйесіндегі мекемелердің басқарушы және
оперативтік құрамдағы қызметкерлеріне дербес
атақтар беру тәртібі туралы
Ереже

1. Осы Ережеде белгіленген талаптарға сай келетін Қазақстан Республикасы Кеден комитеті жүйесі мекемелерінің басқарушы және оперативтік құрамдағы қызметкерлеріне төмендегі тармақтарда көзделген лауазымдарға сәйкес мынадай дербес атақтар беріледі:

а) Қазақстан Республикасының Кеден комитетінде:
толық дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі - Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің Төрағасы

кеден қызметінің I дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі - Кеден комитеті Төрағасының бірінші орынбасары

кеден қызметінің II дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі - Кеден комитеті Төрағасының орынбасары

кеден қызметінің III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі - басқарма бастығы

кеден қызметінің I дәрежелі кеңесшісі - басқарма бастығының орынбасары, бөлім бастығы

кеден қызметінің II дәрежелі кеңесшісі - бөлім бастығының орынбасары, сектор бастығы, Кеден комитеті

Төрағасының көмекшісі

кеден қызметінің III дәрежелі кеңесшісі - бас, жетекші инспектор

кеден қызметінің I дәрежелі инспекторы - аға инспектор

кеден қызметінің II дәрежелі инспекторы - инспектор

б) кедендік мекемелерде:
кеден қызметінің III дәрежелі мемлекеттік кеңесшісі - аймақтық кеден бастығы

кеден қызметінің I дәрежелі кеңесшісі - кеден бастығы

кеден қызметінің II дәрежелі - кеден бастығының орынбасары,

кеңесшісі

кедендегі постының бастығы

кеден қызметінің III дәрежелі - бөлім бастығы, кедендегі пост,
кеңесшісі бөлім бастығының орынбасары

кеден қызметінің II дәрежелі - кедендік мекеменің аға инспекторы
инспекторы

кеден қызметінің III дәрежелі - кедендік мекеменің инспекторы
инспекторы

кеден қызметінің I дәрежелі - кеден мекемесінің бас инспекторы
инспекторы

2. Жоғары басшы құрамға дербес атақты қолданылып жүрген заңға

сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті береді.

Аталған дербес атақтарды беру туралы ұсынысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті енгізеді.

Кіші және орта басшы құрамдағыларға дербес атақтарды Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің Төрағасы береді.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті жүйесіндегі мекемелердің кіші, орта, жоғары басшы құрамына дербес атақтар атқарып отырған лауазымы, білімі мен осы мекемедегі жұмыс стажы ескеріле отырып, аттестаттаудан ойдағыдай өткен жағдайда реттілік тәртібімен беріледі.

Ретті тәртіпті сақтамай дербес атақтар беруге осы Ереженің 5-6 тармақтарында көзделген жағдайларда ғана жол беріледі.

4. Әрбір дербес атаққа мынадай еңбек ету мерзімдері белгіленеді:

кеден қызметінің III дәрежелі инспекторы	- 2 жыл
кеден қызметінің II дәрежелі инспекторы	- 3 жыл
кеден қызметінің I дәрежелі инспекторы	- 3 жыл
кеден қызметінің III дәрежелі кеңесшісі	- 4 жыл
кеден қызметінің II дәрежелі кеңесшісі	- 4 жыл

Кеден қызметінің I, II, III, дәрежелі мемлекеттік кеңесшісінің, кеден қызметінің I дәрежелі кеңесшісінің дербес атақтарына еңбек ету мерзімі б е л г і л е н б е й д і .

5. Кеден комитетінің Төрағасына кейбір жағдайларда:

а) жұмыстағы айрықша көзге түскені үшін, соның алдындағы атаққа белгіленген еңбек ету мерзімінің уақыты өтпей-ақ кезекті дербес атақ беру;

б) қызметкерді жоғары қызметке көтерген кезде кезекті сақтамай ол бұған дейін атқарып келген қызметтен 2 атақтан асырмай дербес атақ беру хұқы т а б ы с т а л а д ы .

6. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті жүйелеріндегі мекемелерге ауысып келген және бұрын арнаулы әрі әскери атағы болған қызметкерлерге, дербес атақ олардың атқарған лауазымы, білімі және тәжірибесі ескеріліп б е р і л е д і .

7. Басқарушы құрамдағы қызметкерлер:

- кіші және орта басшы құрамдағылар - соттың үкімі бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің Төрағасы белгілеген тәртіппен;

- жоғары басшы құрамдағылар - Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдарға сәйкес арнайы атақтардан айырылуы мүмкін.

8. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті жүйесінің мекемелеріндегі басшы құрам қызметкерлерінің ерекшелік белгілерін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің Төрағасы бекітеді.